

**2019 - 2020 оқу жылына жоғары білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы**

Қарағанды облысының әкімдігінің 2019 жылғы 6 тамыздағы № 47/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 тамызда № 5426 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" заңдарына және жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша комиссияның 2019 жылғы 23 шілдедегі №1 шешіміне сәйкес Қарағанды облысының әкімдігіҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2019-2020 оқу жылына жоғары білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) жергілікті және республикалық бюджет есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға түсетін азаматтармен жасалған шарттардың тиісті орындалуын;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қарағанды облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын;

3) осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдауын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. "2019 - 2020 оқу жылына жоғары білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы" қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысының әкімінің міндетін атқарушы*

*А. Дуйсебаев*

Қарағанды облысы әкімдігінің

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

№ \_\_\_ қаулысына

1 қосымша

**2019-2020 оқу жылы жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындар тізбесі ( жергілікті бюджет есебінен)**

**Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының білім басқармасы"  
мемлекеттік мекемесі**

р / с	Жоғары оқу орнының атауы	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Жоғары білім дайындау бағыттарының коды және жіктеуіші	2019-2020 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі
1	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6В012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы 6В013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау 6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау 6В019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	5 10 9 10
	Барлығы	6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6В021 Өнер	2
		6 В 0 3 Өлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	6В032 Журналистика және ақпарат	10
2	"Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті" акционерлік қоғамы	6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	1
3	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Т. Қ. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекеме	6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6В021 Өнер	3
4	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	6 В 0 7 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6В072 Өндірістік және өңдеу салалары	5
5	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	6 В 0 9 Ветеринария	6В091 Ветеринария	1

6	"Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" акционерлік қоғамы	6 В 0 9 Ветеринария	6В091 Ветеринария	4
Барлығы				14
Жиыны				60

Қарағанды облысы әкімдігінің  
2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_ қаулысына  
2 қосымша

**Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2019-2020 оқу жылына арналған нысаналы трансферт есебінен көпбалалы және аз қамтылған отбасыларының балалары үшін жоғары білімді мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы (нысаналы ағымдағы трансферт сомасы есебінен)**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Р / с	Жоғары оқу орнының атауы	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Жоғары білім дайындау бағыттарының коды және жіктеуіші	2019-2020 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі
1	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	6В01 Педагогикалық ғылымдар	6В012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	2
			6В013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	2
			6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	3
			6В015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	4
			6В017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	2
			6В019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	5
		6 В 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 В 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	10
			6В062 Телекоммуникациялар	4
		6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6В071 Инженерия және инженерлік іс	10
			6В072 Өндірістік және өңдеу салалары	3

Барлығы			45	
2	"Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті" акционерлік қоғамы	6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	1
			6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	1
			6B072 Өндірістік және өңдеу салалары	2
Барлығы			4	
3	Мемлекеттік емес мекеме "Қазтұтынушылародағының Қарағанды экономикалық университеті"	6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	2
			6 B 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 B 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
		6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B072 Өндірістік және өңдеу салалары	3
			6B075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	3
Барлығы			18	
4	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	4
			6 B 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 B 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
		6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары		6B062 Телекоммуникациялар
			6B071 Инженерия және инженерлік іс	25
			6B072 Өндірістік және өңдеу салалары	34
			6B073 Сәулет және құрылыс	18
		6B075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	2	
Барлығы			104	
5	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	6 B 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 B 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5
			6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B071 Инженерия және инженерлік іс
		6B072 Өндірістік және өңдеу салалары		3
		6B073 Сәулет және құрылыс		2
Барлығы			20	

6	"Болашақ" академиясы" жеке меншік мекемесі	6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B011 Педагогика және психология	2
			6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	2
Барлығы				4
Жиыны				195

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК